

Ш.С. Келмағамбетова^{1*}, С.А. Кенжеғалиев², Қ.Қ. Жанузахова³

^{1,2} Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан;

³ «Bolashaq» академиясы, Қарағанды, Қазақстан

(E-mail: star8201@mail.ru, sayan582@mail.ru, januzak_2022@mail.ru)

Қазақ танымындағы «Бақыт» концептісінің вербалдануы

Мақалада қазақ танымындағы «Бақыт» концептісінің вербалдануы зерттелген. Қазақ халқының дүниетанымында бақыттың алатын орнын, оның танымда қалай бейнелейтіндігі талданған. Әрбір тілдің өзіндік бейнелеу тәсілдері мен сөздік қорында халқына тән мәдени элементтер мен ұлттық сипаттағы көріністер болады. Сол көріністі анықтау мақсатында «Бақыт» сөзін алға тартып, тілдегі мақал-мәтелдер, басқа да тілдік бірліктер арқылы сол ұғымның ұлттың дүниетанымы, оның мәдени құндылықтары мен дүниеге деген көзқарасы анықталады. Нәтижесінде, аталмыш концептінің қазақ халқының рухани-мәдени құндылықтар жүйесіндегі орны мен маңызы айқындалып, оның тілдік көрінісі арқылы діл мен дүниетаным ерекшеліктері ашып көрсетілген. Сонымен қатар тіл мен танымның өзара байланысы қоғамның дамуымен, тарихи өзгерістермен және әлеуметтік факторлармен қалайша өзгеріп отыратыны қарастырылып, рухани құндылықтар, отбасылық байланыстар, табиғатпен үндестік және әлеуметтік әділдік сияқты мәдени-танымдық аспектілермен байланысты екені анықталады. Мақалада бақыт ұғымының жеке тұлғаның өміріндегі рөлі, оны бағалаудың ерекшеліктері зертделген. «Бақыт» ұғымының тек субъективті эмоционалдық күй ғана емес, сонымен қатар ұлттық құндылықтармен, салт-дәстүрмен, рухани болмыспен тығыз байланысты екені көрсетілген. Авторлар қазақ тіліндегі «Бақыт» концептісінің вербалды репрезентациясы арқылы халықтың дүниеге көзқарасы, өмірлік ұстанымдары мен ұлттық менталитетінің айқын бейнесін ашады. Мақаланың мақсаты — қазақ тіліндегі «Бақыт» концептісінің сөздіктер арқылы мағынасын ашып, оның ұлттық таным мен дүниетаным арқылы қалай көрініс табатынын көрсету. Сондай-ақ тілдегі бұл ұғымның вербалдануы арқылы қазақ халқының өмір салты мен құндылықтарын түсінуге бағытталған. Тілдік деректер негізінде бақыттың ұлттық сипаты мен оның қазақ мәдениетіндегі рөлін айқындау көзделеді. Зерттеу материалы ретінде қазақ тілінің лингвистика, философия, психология, әлеуметтану т.б. салалары бойынша «Бақыт» концептісіне қатысты мақалалар және «бақыт» сөзін зерттеген зерттеушілердің еңбектері алынды. Нәтижесінде авторлар «Бақыт» концептісінің қазақ халқының ұлттық ұғымында алатын орны маңызды екенін анықтады. Мақала тіл мен ділдің өзара байланысын түсінуге, сондай-ақ ұлттық дүниетанымыдағы «Бақыт» ұғымының маңызын тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді. Ұлттық тілдің мәдени — танымдық әлеуетін ашуға және тіл мен ділдің өзара әрекеттесуін талдауға бағытталған. Зерттеу тіл білімі, психолингвистика, когнитивтік лингвистика, антропология және этнопсихология салаларына үлес қосады, қазақ дүниетанымын түсінуге және компаративтік зерттеулерге негіз қалайды.

Кілт сөздер: «Бақыт», таным, тіл, діл, дүниетаным, құндылықтар, тілдік бейнелеу, ұлттық болмыс, ұлттық сана-сезім, этнолингвистика, мінез-құлық.

Кіріспе

Қазіргі заманғы жаһандану үдерісі мен мәдениаралық ықпалдастық кезеңінде әрбір ұлттың өзіндік ерекшелігін сақтау және оны тілдік құралдар арқылы көрсету маңызды. Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері мен танымын зерттеу тіл мен ұлттық құндылықтардың өзара байланысын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеу қазақ тілінің ұлттық сипатын, мәдени кодтарын және халықтық дүниетанымын анықтауға бағытталған, осылайша қазақ тілінің мәдени мұра ретіндегі маңыздылығын арттыруға және оны келешек ұрпаққа жеткізуге септігін тигізеді.

XXI ғасыр тілді тек қарым-қатынас пен ойды білдірудің құралы емес, ұлттың рухани-мәдени коды ретінде қарастыратын өзектілік бағытымен сипатталады. Оның іргесі В. Гумбольдт, И. Гердер, Г. Штейнталь, А. Потебня т.б. ғалымдардың теориялық еңбектерімен қаланғаны белгілі. Олардың зерттеулері бойынша, адам өзінің парасаттық, рухани, әлеуметтік талаптарын қанағаттандыратын концепт әлемін жасау үшін ақпараттарды тілдік арна арқылы алады. Сондықтан кез келген ұлт тілінің табиғатында сол ұлттың неше ғасырлық терең сырға толы қазынасы, ментальділігі жатады. Тілде адамның дүниені қалай қабылдайтыны, түсінетіні көрініс табады. Сондықтан В. фон Гумбольдт: «Разные языки — это отнюдь не различные обозначения одной и той же вещи, а различные видения ее», — деп тұжырымдайды. В. Гумбольдт, А.А. Потебня, М. Хайдеггер т.б. тілді рухпен,

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: star8201@mail.ru

шығармашылықпен байланыстырады. Яғни тіл — ойды туғызушы тетік, сондықтан сөз заттың тура таңбасы емес, оның біздің санамызда тілдік шығармашылық процесс нәтижесінде туған бейнесі [1, 10-32].

Тіл үнемі дамып отырады. Алайда бұл даму оның грамматикасы мен дыбыстық құрылымына емес, жаңа мазмұнды жеткізу қабілетіне байланысты. Мұндай мүмкіндік, біріншіден, сөздік қорының байлығымен, екіншіден, тілдік құралдардың стильдік қолдану ерекшелігімен, үшіншіден, синонимдердің мағыналық жіктелуімен айқындалады.

Қазақ танымындағы ұғымдарды анықтау үшін әлемнің белгілі бір ерекшеліктері мен заттық құндылықтары, олардың объектілерімен байланысы, атқаратын қызметі және ұлттық сана тұрғысынан бағалануы ескерілуі қажет. Ділдік ұғымға ие болу үшін белгілі бір халықтың тілінде қолданылатын сөздер сол ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетімен, дәстүрімен және тілімен тығыз байланыста дамып, ұлттық деңгейге жетуі тиіс.

Халықтың мәдениеті, салт-дәстүрі, тілі, ділімен астасқан, ұлттық болмысты бейнелейтін танымдық мәні бар сөздер тілімізде көптеп кездеседі. Солардың бірі — «Бақыт» концептісі. Бұл концепт — кез келген этноста қалыптасқан, әмбебап сипатқа ие, күрделі әрі дерексіз құбылыс.

«Бақыт» концептісі — философия, психология, әлеуметтану, лингвистика сияқты ғылым салаларында негізгі категориялардың бірі. Бұл ұғымды түсіндіруге осы салалар бойынша көптеген еңбектер арналды. Бақыттың теориялық және практикалық аспектілерін зерттейтін пән ретінде қалыптасты. Дегенмен психологиялық және дүниетанымдық маңыздылығына қарамастан, «Бақыт» концептісі тіл саласы бойынша толық зерттеліп, түсіндірілген жоқ [2, 183].

Зерттеу барысында тілші ғалымдар А. Байтұрсынұлы [3], Т. Кордабаев [4], А. Салқынбай [5], О. Ахманова [6], Д. Шмелев [7], М. Оразов [8], Н. Мечковская [9], Э. Кузнецова [10], психоллингвист ғалымдар А.А. Залевская [11], И. Кобозева [12], А.Н. Леонтьев [13], В.Ф. Петренко [14], Л.С. Выготский [15] пікірлеріне сүйендік.

«Бақыт» сөзі туралы ХХ ғасырда бұл ұғымға қатысты түрлі көзқарастар мен тұжырымдар қалыптасты. Мысалы, поляк философы В. Татаркевич өз еңбектерінде әлемдік соғыстар кезіндегі қиыншылықтар туралы айтып, бақыт ұғымын ежелден бастап талдаған. Ол әртүрлі философтардың бақыт туралы айтқан ойларын жүйелей отырып, оның төрт негізгі аспектісін анықтайды:

1. Бақыт — тағдырдың көңілді сәті;
2. Бақыт — ерекше қуаныштар мен толғаныстар;
3. Бақыт — жоғары игіліктерді иелену;
4. Бақыт — өмірден қанағат алу [16, 328].

Әбу Насыр әл-Фараби өзінің «Бақытқа жол сілтеу» трактатында: «Адам шексіз бақыт туралы өз түсінігін ең дұрыс, ең ұлы немесе ең жетілген игілік деп сенеді» дей отырып, «Адам бақытқа жету үшін оны қалайтын адамнан оны игерудің әдісі мен амалын табуды талап етеді» және «Арты мадақтауға немесе жазғыруға әкелетін жағдайлардың жиынтығы қосылғанда, адам бақытқа жетеді», — деп тұжырымдайды. Әл-Фарабидің пікірінше, мұндай жағдайлар үшке бөлінеді:

1. Жеке адамның іс-әрекеті (мысалы, жүру, отыру, сөйлеу, көру, есту);
2. Жан дүниесінің сезімдері (құштарлық, қуаныш, қорқыныш, ашу, қызғаныш);
3. Ақыл-парасаты [17, 89].

Адам баласына қуаныш әкелетін оқиғалар — үлкен жетістікке жету, еңбектің бағалануы, мақсаттардың орындалуы, отбасы бақыты. Қуаныш адамның жігерін арттырады. Бақыт пен қуаныш арасында айырмашылық бар: қуаныш өткінші, белгілі бір сәтке ғана байланысты болса, бақыт — адамның бүкіл өмірінің негізгі мәні. Өмірде адамгершілікке жат, әдепке сай келмейтін жалған қуаныштар да кездесуі мүмкін. Қазіргі таңда бақытты өмір сүру өркениеттік құндылықтармен тікелей байланысты деп есептейді белгілі тілші ғалым Е.С. Омаров [18, 13].

Әл-Фарабидің негізгі идеяларының бірі — адам баласының бақытқа жетуі екенін атап өтуге болады. Өмірінде әрбір адам бақытқа ұмтылады және оған жетуге тырысады. Алайда бақыт ұғымы әркім үшін әртүрлі мағына береді. Біреулер ұрпағының көп болуын бақыт санаса, енді біреулер білім іздеп, ғалым атануды бақыт деп есептейді. Осылайша, әр адамның бақыт туралы түсінігі бір-біріне ұқсамайды деген пікірдеміз.

Зерттеу материалы мен әдістері

Бұл зерттеуде «Бақыт» концептісінің табиғатын тереңірек түсіну үшін әр түрлі ғылым салаларындағы теориялық және эмпирикалық еңбектерге негізделді. «Бақыт» концептісін тілдік

жағынан қарастырып, тілдік дереккөздер ретінде тек сөздіктер мен мақал-мәтелдер ғана емес, сондай-ақ этномәдени бірліктерді қамтитын мәтіндер, тарихи және фольклорлық материалдар да пайдаланылды. Көркем әдеби шығармалардағы кейіпкерлердің сөйлеу мәнері мен дүниетанымы, этнографиялық зерттеулердегі мәдени кодтар, ауызекі тілдегі мақал-мәтелдер — барлығы да ділді зерттеудің маңызды құралдары ретінде қарастырылды. Мақалада «Бақыт» концептісі зерттеу үшін лингвистика, философия, психология, әлеуметтану және мәдениеттану салаларындағы ғылыми еңбектер мен ғылыми мақалалар негізгі дереккөз ретінде пайдаланылды. Сонымен қатар тілдік дереккөздер ретінде түсіндірме сөздіктер, мақал-мәтелдер жинақтары, этнографиялық зерттеулер мен көркем әдеби туындылар қарастырылды. Бұл дереккөздер ділдің тілдік деңгейде көріну ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі ғылыми ізденістер қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер мен олардың ділге ықпалын зерттеуге баса назар аударады. Жаһандану, урбанизация, цифрлық мәдениет, әлеуметтік медианың дамуы және трансмәдени байланыстардың күшеюі ұлттық ділдің динамикасын жаңа қырынан қарастыруға мүмкіндік береді. Осы факторлардың әсерін зерттеу арқылы тілдік бірліктердегі мағыналық өзгерістер, жаңа ұғымдардың қалыптасуы және дәстүрлі дүниетанымдық құрылымдардың трансформациясы айқындалады.

«Бақыт» концептісінің білдіретін сөздік-семантикалық мағыналарына талдау «семантикалық белгілер» әдіснамасын қазақ тілі материалдары негізінде қолдану арқылы жасалды. Талдауға қажетті материал түсіндірме сөздіктер мен екі тілді (орысша-қазақша, қазақша-орысша) аударма сөздік, қазақ тілінің этимологиялық сөздігінен және студент жастармен жүргізілген тәжірибе барысында алынды.

Мақалада баяндау, талдау, жинақтау, семантикалық саралау, компонентті талдау, топтау әдістері қолданылды. Тұжырымдар эксперимент арқылы дәйектелді.

Нәтиже мен оның талқылануы

«Бақыт» концептісі адам баласының рухани құндылықтарының бірі болғандықтан қоғамдық өмірде алатын орны ерекше. Қазақ халқының дүниетанымдық көзқарасы мен ұлттық ой-санасының өркендеуінде рухани құндылықтардың өз орны бар. Өз кезегінде ұлттың рухани бағдары, негізгі өмірлік позициялары, танымдық ойлары да осы құндылықтарға байланысты қалыптасып дамыды.

Адамзат о баста тіршілік етуінен бастап қалыптасқаннан бері сана мен таным, тіл мен діл бірлігі әлемнің біртұтас бейнесін құрайды. Олар бір-бірін әрқашан жаңартып, толықтырып отыратыны белгілі. Тіл мен діл сабақтастығында бүтін бір елдің тұрмыс тіршілігі, салт-дәстүрі, наным-сенімі, ұлттың танымы мен көзқарасы байқалады.

Біз тілдегі танымның көрінісін анықтау, саралау мақсатында «Бақыт» концептісін алдық. Ең алдымен бақыт ұғымының сөздіктердегі анықтамаларына тоқталсақ.

БАҚЫТ — з а т. 1. Бақ, зор қуаныш, шаттық. Бақыт — көп мағыналы ұғым. Оның басты түсініктері:

- 1) бақ-дәулет, «қолға қонған құс», ырыздық;
- 2) қуаныш, ләззат, рақат;
- 3) жақсылыққа, ізгілікке жету, даналық;
- 4) өмірден өз орнын табу, толыққанды тұлғаға айналу

Бір ұлт бақытты болса, ол бақыт сол ұлттың ішіндегі адамдарына да ортақ [19, 744]. Біздің ойымызша, бұл түсіндірме сөздіктегі анықтамалар «бақыт» бұл рухани сезім ғана емес, сонымен қатар байлық, дәулет, әлеуметтік жағдаймен де байланысты.

БАҚЫТ — «бақ, ырыс, несібе», «тағдыр, жазмыш». Екінші мағынасы қазақ фольклорлық жырларында «опасыз бақыт» (қиын тағдыр, опасыз өмір) тіркесі арқылы берілген. Қазақ тілінде «өмірден өз орнын табу, мағыналы өмір сүру», «жақсылыққа жету», «зор қуаныш, шаттық» ұғымдарында да қолданылады. Қазақ фольклорлық жырларында бақытсыз адамды «бақыты қара», басындағы бақ деген ұғымды «бақыт тәжі», бақытынан айырылу дегенді «бақыты талақ болу», бақыттың белгісі дегенді «бақыт ахтары» тәрізді тіркестер арқылы беру де кездеседі [20, 138]. Бұл анықтамаға қарап, қазақ ұғымында «бақыт» тек адамның жеке жетістігі емес, тағдырдың сыйы ретінде қарастырылады. «Опасыз бақыт» тіркесі қазақ менталитетінде бұл өмірдің құбылмалығын, бақыттың мәңгілік еместігін меңзейді деген пікірдеміз.

БАҚЫТ — дәстүрлі түсінік бойынша жаратушының жеке адамға берген ерекше мүмкіндігі, сыйы. Адамның мақсат-мұратының іске асуы, дәулетке кенелуі. Сондай-ақ бақытқа кенелгендігін білдіретін ерекше қуаныш сезімі. Қазақ дүниетанымында бақыттың баянды болуы ең алдымен ақылға

байланысты [21, 596]. Энциклопедиялық сөздікте «бақыт» ұғымы философиялық тұрғыдан зерттеліп, ол тағдыр мен жаратушының сыйы ретінде қарастырылады және адамның өз күш-жігерімен ғана жететін нәрсе емес, ол Жаратушының сыйы ретінде қабылданатындығын меңзеп отырғандығын аңғарамыз.

БАҚЫТ — (ар. бахт *تخ*) 1. *Бақыт, бақ, ырыс, несібе*. Иә, Алла, құдіретіңе зар жылайын, Рузи қыл, иман, бақыт көп сұрайын («Қисса Жиһаншаһ Тамузшаһұғылы» [22, 91]. «Бақыт» сөзі араб тілінен енген, қазақ тіліне араб-парсы мәдени ықпалы арқылы енген. Алайда тілімізге бұл сөз терең мәнге ие болып, тағдыр, ырыс, өмірлік қанағат пен қуаныш ұғымдарымен астасып отыр деген ойдамыз.

БАҚЫТ — адамның өмір қызығы, қуанышына, рақатына қанағаттану дәрежесін танытатын этикалық ұғым. Бақыттың негізінде адамның өмірі мағыналы және нәтижелі болған кездегі өз болмысына деген ризашылық сезімінің қалыптасуы жатыр. Арман сияқты, бақыт та мұраттың тылсымдық-эмоциялық көрінісі болып табылады. Мұрат тұлғаның болашаққа деген сенімін білдірсе, бақыт оның іске асу деңгейін көрсетеді. Әдептану саласында бақыт мәселесімен шұғылданатын ілімді фелицитология деп атайды. Бақыт — көп мағыналы ұғым. Оның басты түсініктері: 1) бақ-дәулет, «қолға қонған құс», ырыздық; 2) қуаныш, ләззат, рақат; 3) жақсылыққа, ізгілікке жету, даналық; 4) өмірден өз орнын табу, толыққанды тұлғаға айналу. «Құс ұшуға жаралған, адам бақытты болуға жаралған», – дейді халық мақалы. Бақытты өмір сүру — қуанышты болу, дәулетке кенелу, рақатқа бөлену. Адамға қуаныш әкелетін оқиғалар: табысқа қол жеткізу, іс-әрекеттің марапатталуы, балашағаның қызығы. Дегенмен қуаныш өткінші, жеке бір сәтке байланысты болса, бақыт — адамның бүкіл өмірінің арқауы. Қазіргі жағдайда бақытты өмір сүру мәселесі өркениеттік құндылықтарымен (нарық, демократия, адам құқықтарын қастерлеу т.б.) тікелей байланысты. Сонау XVIII ғ. Т. Джефферсон (АҚШ) «Тәуелсіздік декларациясында» мемлекет өз табиғаты бойынша бақытқа ұмтылуды қорғап, тұлғалардың іскерлігі мен дербестілігін ынталандыруы қажет екенін, бұл бақыт үшін мәнді болып табылатынын атап көрсеткен [23, 344]. Бұл сөз әлеуметтік түсіндірме сөздікте «бақыт» ұғымы — белгілі бір ұлттың, қоғамның немесе топтың дүниетанымын, құндылықтарын, өмір сүру салтын қарастырып қана қоймай, көбіне рухани, әлеуметтік және материалдық игіліктермен байланысты екендігін топшылаймыз.

Аталмыш сөздіктердегі анықтамаларға назар аударса келе, біздің пайымдауымызша «Бақыт» ұғымы адам жан дүниесінің тыныштығы мен қанағат сезіміне бөленуі, өмірге риза болу. Мысалы философиялық тұрғыдан адамның өзін жетілдіруі, өмірінің мәнін табуы болса, психологиялық тұрғыдан — ішкі тыныштық, қанағаттану және эмоционалды тепе-теңдік. Әлеуметтік түсінікте — табыс, отбасы, махаббат, достық сияқты факторлармен байланысты. Яғни бақытты әр адам өзінше сезінеді және түсінеді. Ал ол түсінік тілдік көріністе қалай байқалатындығы туралы тереңірек тоқталайық.

Қазақ халқы үшін бақыт ұғымы терең мағынаға ие және ол материалдық игіліктер мен рухани құндылықтармен тығыз байланысты. Қазақ танымында бақыттың көрінісі бірнеше негізгі аспектіде байқалады:

1. Отбасы және ұрпақ

Қазақ қоғамында ең үлкен бақыт — отбасы мен бала-шағаның амандығы. «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды» деген мақал — жұбайлық өмірдің, ұрпақ сүюдің бақыттың негізгі өлшемі екенін көрсетеді. Қазақ ата-аналар үшін ең үлкен қуаныш — баласының азамат болып қалыптасуы: «Балам — бақытым» деген сөз осыдан шыққан. Бұл тіркес баланың ата-ана, қоғам тек қана ұрпақ жалғастырушы ғана емес, олардың өмірінің мәні мен бақытын, үмітін білдіреді.

2. Қанағат және шүкіршілік

Қазақ менталитетінде бақытты болу үшін үлкен байлықтың қажеті жоқ. «Қанағат қарын тойғызар» деген мәтел халқымыздың барға риза болып, қолда барды бағалауды үлкен бақыт деп санайтынын көрсетеді. Ғұлама Абай айтқан «бес асыл істің» бірі — қанағат. Осыдан халқымыздың барға риза болып, қолда барды бағалауды үлкен бақыт деп санайтынын көреміз. Бұл — сабырлылық пен тәубешілдікке негізделген өмір философиясы.

3. Адамгершілік және рухани байлық

Қазақ халқы үшін бақыт — тек өзіңнің жақсы өмір сүруің емес, айналаңа, еліңе, туған-туысқа пайдамды тигізу. «Жақсы адам — елдің ырысы» деген сөз рухани құндылықтарды жоғары қоюдың көрінісі. Халық даналығында әділдік, мейірімділік, ар-ождан тазалығы бар адам нағыз бақытты саналады.

4. Еркіндік пен тәуелсіздік

Көшпенді халық үшін ең үлкен бақыт — еркін өмір сүру. Қазақтар үшін бостандық — ең қымбат құндылықтардың бірі. Тарихтағы көптеген шайқастар мен азаттық үшін күрестер дәл осы халықтың бақытқа деген көзқарасында тәуелсіздікке ерекше мән беретінін көрсетеді. «Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі» деген нақыл да осыны айқындайды.

5. Қонақжайлылық пен татулық

Қазақтың менталитетінде өзгені қуанта білу — үлкен бақыт. Қонақ күту, бауырмалдық, жақын-жуығына қол ұшын беру — қазақ бақыт түсінігінің ажырамас бөлігі. «Қуанышты бөліссе көбейеді» деген сөз соның айғағы [24].

Шығыс менталитетінде «Бақыт» деген көбіне адамның ішкі жан-дүниесінің үйлесімділігімен байланысты. Ислам дінінде имандылық пен адалдық туралы құндылықтар сипатталады. Мұсылмандық дәстүрде «Бақыт» алланың сый ретінде қарастырылады. Шығыс халықтарында «Бақыт» концептісі көбінесе тағдырға бағыну, қанағат ету ұғымдарымен үйлеседі. Батыс қоғамында «Бақыт» жеке тұлғаның өзін-өзі дамытумен, еркіндігімен және жеке жетістіктерімен тығыз байланысты. Көбіне табысты мансап, жеке бостандық, өзін жетілдіру секілді факторлармен өлшенеді [25].

Қазақ танымында бақыт — тек жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғамның, отбасының амандығымен өлшенеді. Мысалы М. Мақатаевтың «Үш бақытым» шығармасы адамзаттың өміріндегі басты құндылықтарды бағалауға бағытталған. Ол «Үш бақытым» өлеңінде үш маңызды құндылық туралы сөз қозғады: халық, тіл және Отан. Бұл ұғымдарды жоғары бағалауы, оның ұлттық және адамгершілік тұрғыдағы дүниетанымын көрсетеді. Өлеңнің басында Мұқағали ең бірінші бақыты ретінде халықты айтады.

Ең бірінші бақытым — *халқым менің,*
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Қымбаттырақ алтыннан алтыннан нарқым менің.

Ақын үшін халық — ұлттық болмыс, тарих, мәдениет, салт-дәстүрдің иесі. Халық — бұл адамды қоршаған орта, оның тіршілігі, қуанышы мен қайғысы, болашағы мен үміті. Халықтың тағдыры — ақынның тағдыры, оның өмірі мен шығармашылығының негізі. Мұқағали үшін халықтың амандығы, оның рухани байлығы мен болашағы аса маңызды. Осылайша, халықтың болуы мен оның тіршілігі — ақын үшін ең үлкен бақыттың көрінісі.

Өлеңде тіл — екінші бақыт ретінде қарастырылады.

Екінші бақытым — *Тілім менің,*
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей-кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.

Ол үшін тіл — халықтың рухы, оның ойлау жүйесі мен дүниетанымының айнасы. Тіл арқылы ұлттық болмысты, ұрпақтар арасындағы байланысты сақтап қалуды мақсат тұтады. Тіл — ол халықтың өзін-өзі тануы мен танымдық дамуының басты құралы.

Өлеңнің соңында ақын үшін Отанның орны ерекше.

Бақытым бар үшінші — *Отан деген,*
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!
...Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай-ақ кел дағы от ал меннен.

Отан — туған жер, атамекен, адамның жан дүниесінің түпқазығы, оның ұлттық мақтанышы мен адами сезімдерінің негізі. Ақынның айтуынша, өмірдің мәні мен бақытын табудың басты жолы — осы үш ұғымды түсіну мен бағалауында. Өлеңде халықтың, тілдің және Отанның өзара байланысы мен ұлттық танымы көрініс табады.

Халық — бұл ұлттың жүрегі мен тірегі, оның болашағы мен рухани әлемі.

Тіл — ұлттың өзін-өзі тану құралы, мәдениеті мен тарихын сақтайтын ең басты құндылық.

Отан — адамның рухани мекені, оның бойында патриотизм мен ұлттық сананың қалыптасуына себеп болатын жер. М. Мақатаев осы үш құндылықты өзінің бақыты деп санайды, себебі олар ұлттың болашағы үшін ең маңызды. Бұндай пайым қазақ халқының ұлттық бірегейлігін, тілін, мәдениетін сақтау, оны келешек ұрпаққа жеткізу қажеттігін алға тартады. Бұл үш бақыт — адамның ең үлкен бақыты мен өмірлік мақсаты болуы тиіс.

Өлеңде терең философиялық ойлар мен адам жанының нәзік әлемі көрініс табады. Осы құндылықтар арқылы өмірдің мәні мен бақытты ұғынуды мақсат етеді. Өлең материалдық игіліктермен бірге рухани құндылықтарға, адамгершілікке, татулыққа, еркіндікке негізделген. Сондықтан «Бақыт» ұғымын материалдық және рухани деп бөліп қарастырдық (1-кесте).

1 - кесте

«Бақыт» концептісінің материалдық және рухани көрінісі

| Материалдық | Рухани |
|-------------------------------|-----------------------------|
| Қаржылық тұрақтылық | Ішкі тыныштық пен гармония |
| Жайлылық пен тұрмыс сапасы | Махаббат пен жанашырлық |
| Автокөлік және басқа мүліктер | Өзін-өзі тану мен дамыту |
| Сапалы тамақтану | Рухани құндылықтар |
| Білім мен даму мүмкіндіктері | Өмірге сүйіспеншілік |
| Әлеуметтік мәртебе т.б. | Шығармашылық пен шабыт т.б. |

Жоғарыда айтылғанды растай отырып, біз ассоциативті эксперимент өткіздік. Оған 17-20 жас аралығындағы 50 адам қатысты. Эксперименттің негізгі қатысушылары – Қарағанды қаласының Бөкетов университетінің 1-3 курс студенттері.

Тәжірибеге қатысушылар филология мамандықтағы жас мамандар болды.

Эксперименттің өткізілу кезеңі — 2024 жылдың қараша айы. Эксперимент анонимді сауалнама түрінде жүргізілді. Сауалнамада 5 сұрақ болды, олар когнитивті және ассоциативті белгілерді анықтауға бағытталған, бұл зерттеліп отырған «Бақыт» ұғымын ментальді бірлік ретінде қалыптастыруға ықпал етеді. Сауалнама мәтіні былай болды:

Құрметті студенттер!

Сіздерді «Бақыт» концептісін және оның бүгінгі күндегі мағынасы туралы пікірлеріңізді түсіну үшін өткізілетін сауалнамамызға қатысуға шақырамыз. Бұл сауалнама жастардың осы маңызды ұғымды қалай қабылдайтынын зерттеуге бағытталған.

Сіздің жауаптарыңыз біздің қазақ ментальділігінің тілдік репрезентациясы туралы диссертациямыз үшін пайдаланылатын болады. Біз үшін сіздердің пікірлеріңіз өте маңызды, сондықтан зерттеуді толық әрі мәнді етіп, зерттеудің мазмұнын жан-жақты ашуға көзделген.

Сіздің жауаптарыңыз тек ғылыми мақсатта (анонимді түрде) қолданылатын болады және бұл сіздің оқу үлгеріміңізге ешқандай әсер етпейді. Өтінеміз, шынайы әрі ашық жауап беріңіздер.


1. Сіз үшін «Бақыт» деген не?
2. Қай сәтте өзіңізді ең бақытты сезіндіңіз?
3. «Бақыт» сөзіне ассоциациялар жазыңыз (кем дегенде үш сөз)
4. Бақытты болу үшін қандай қасиеттер болу керек?
5. Қазақ ұлты «Бақыт» дегенді қалай түсінеді деп ойлайсыз?

Қатысқандарыңыз үшін және зерттеуге қосқан үлестеріңіз үшін рақмет!

Мақсаты мен міндеті: респонденттердің санасында «Бақыт» концептісі қандай ассоциациялармен тән екенін анықтау; «Бақыт» концептісінің семантикалық өрісін белсендіру; респонденттердің тілдік санасында ұсынылған сөздер-ассоциациялардың өзектілігін тексеру; ділмен байланысты жағдайларды анықтау және әрбір қатысушының жеке тәжірибесін тіркеу.

Эксперимент нәтижесінде 50 респонденттен жауап-реакция алынған. Жиналған деректер жиынтықталған, жіктелген және жеке белгілердің жиілігі бойынша ұсынылған. Есептеу нәтижесінде диаграмма жасалып, ол «Бақыт» сөзінің ұғымдық белгілерінің пайыздық қатынасын көрсетеді (1-диаграмма «Бақыт» сөзінің ұғымдық белгілері).

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, фактілерді өңдеу негізінде біз «Бақыт» сөзінің семантикалық көлемін құрайтын 2 ұғымдық белгіні анықтадық: 1) рухани құндылықтарды білдіретін белгілер 2) материалдық белгілер (1-диаграмма).



1-диаграмма. «Бақыт» концептісінің ұғымдық белгілері

Әр белгілермен жеке танысып, 17-20 жас аралығындағы жастардың тілдік санасындағы «Бақыт» ұғымына түсінік берейік. Жүргізілген зерттеулер бойынша, жеке рухани белгі ең жоғары жиілікпен байқалған — 69 %, материалдық белгілер бойынша — 31 %.

Сонымен «бақыт» ұғымы тудырған мынадай реакциялар:

Рухани белгілер: отбасы — 35 (реакция), бедел мен мерей — 15 (реакция), жетістік — 14 (реакция), денсаулық — 12 (реакция), күлкі — 10 (реакция), махаббат — 10 (реакция), достар — 9 (реакция), уақыт — 8 (реакция), гармония — 5 (реакция), тыныштық — 4 (реакция) еркіндік — 4 (реакция), оқу-білім — 3 (реакция), имандылық — 3 (реакция), жылы сөз — 3 (реакция), табиғат — 1 (реакция), ғажайып — 1 (реакция)

Материалдық белгілер: байлық — 20 (реакция), қаражат — 10 (реакция), дәулет — 10 (реакция), баспана — 10 (реакция), уақыт — 4 (реакция), той — 2 (реакция).

Жоғарыда қазақ танымында бақыттың көрінісі бірнеше негізгі аспектіде көрінеді, соның ішінде отбасы және ұрпақ аспектілері нәтижесі есебінде респонденттер («Бақыт» деген не?) сұраққа басым көпшілігі отбасым, ата-анам, балаларым деген жауаптар берген екен. Адамгершілік пен рухани бақытқа ішкі гармония, жан тыныштығы, өз еркіндігім деген жауаптар болды. Ал материалдық бақытқа әлеуметтік мәртебе, қаржы-қаражат пен жайлы өмірді нұсқаған екен. Дегенмен, зерттеулер көрсеткендей, адамдардың көпшілігі үшін бақыт — жан тыныштығы, жақын адамдармен жақсы қарым-қатынас, өмірден ләззат алу сияқты құндылықтармен байланысты. Тіл мен діл байланысының үзілмеуіне бірінші себеп — адам танымы, ойлау жүйесі деген пікір қалыптасады.

Қорытындылай келе, біз «бақыт» ұғымы тікелей таным ұғымымен байланысы бар екенін байқадық. Сауалнама анонимді болды, сондықтан оң және теріс реакциялар болмады. Респонденттердің шығармашылық тәсілі тәжірибеге адал қатысуды және жастардың тілдік санасында «Бақыт» ұғымының өзектілігін көрсететін тәжірибелік жағдайларды нақтылауға бағытталған. Бұл тек жас ерекшеліктеріне байланысты емес. Ассоциациялар спектрінің өзі «Бақыт» ұғымының актив қолданылуын ғана емес, оның қазіргі жастар үшін ерекше маңыздылығын да айғақтайды. Жастардың тілдік санасында «бақыт» ұғымы күрделі және көпқырлы мағынаға ие екендігі анықталды. Олар үшін бұл тек абстрактілі ұғым ғана емес, өмірде белгілі бір жағдайлармен, сезімдермен және адамдармен тығыз байланысты. Мысалы: қазіргі жастар үшін «Бақыт» концептісінің мазмұны айтарлықтай өзгерген. Ата-бабаларымыз үшін бақыт көбінесе тұрақтылықпен, отбасы құндылықтарымен және материалдық жағынан қамтамасыз етумен байланысты болса, бүгінгі жастар үшін бақыттың негізгі көрсеткіштері өзін-өзі дамыту, еркіндік, эмоциялық қанағаттану және әлеуметтік байланыстар. Бұл менталитеттің уақыт өте өзгеріске ұшырап отыратындығын көрсеткіші. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жастардың басым бөлігі үшін «Бақыт» өз қалауы бойынша өмір сүру, сүйікті ісімен айналысу, өзін еркін сезіну. Бұл қазіргі қоғамдағы жеке тұлғаға бағытталған құндылықтардың күшейгенін көрсетеді. Дегенмен дәстүрлі құндылықтар да өз маңызын жоғалтпаған отбасы махаббат, достық секілді факторлар да бақытты сезінудің негізгі элементтері ретінде қала береді деген ойдамыз.

Қорытынды

Мақалада қазақ танымындағы «бақыт» ұғымының вербалдануы қарастырылды. Қазақ халқының дүниетанымы мен рухани құндылықтары тілдік бірліктер арқылы көрініс табады, бұл олардың ойлау жүйесі мен өмірлік қағидаларын анықтайды:

1. Бақыт — әр ұлттың құндылықтарына байланысты әртүрлі түсіндірілетін ұғым. Қазақ ұғымында «Бақыт» концептісі адамның материалдық әл-ауқаты ғана емес, рухани жетілуі, отбасының амандығы, елінің тыныштығы т.б.

2. Қазақ танымындағы «Бақыт» концептісінің тілдік, мәдени және тарихи негіздері жан-жақты талданады. Қазақ халқында бақыт ұғымы тек жеке адамның материалдық жағдайымен өлшенбейді, керісінше, оның рухани кемелденуімен, отбасының амандығымен, елінің тыныштығымен және ұлттық құндылықтарымен тығыз байланыста қарастырылады. Бұл қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында жеке бастың мүддесінен гөрі қоғамдық және рухани құндылықтарға басымдық береді.

3. Діл тұрғысынан алғанда, қазақ халқы үшін бақыт — ұжымдық, қауымдық сипатқа ие. Бұл ерекшелік қазақ мәдениетінің тарихи дамуына негізделген, себебі көшпелі өмір салты мен рулық-тайпалық қатынастар қоғамда ортақ мүддені жоғары қоюға ықпал еткен. Осылайша бақыт жеке адамға емес, бүкіл қоғамның, ұрпақтың, елдің игілігімен өлшенген.

Қорыта айтқанда, қазақ танымындағы «Бақыт» концептісі кең мағынаға ие және ол ұлттық болмыс, рухани құндылықтар мен тарихи тәжірибе арқылы қалыптасқан. Қазақ халқы үшін бақыт — жеке адам мен қоғамның өзара үйлесімді өмір сүруі, рухани байлықтың, отбасылық амандықтың, ел тыныштығының және ұлттық бірліктің үйлесуі. Бұл түсінік ғасырлар бойы қалыптасып, тілдік бірліктер арқылы халық жадында сақталған. Сондықтан тілдегі ділдің көрінісі дегенде, біз тек сөздердің мағынасын емес, сол мағынамен бірге халықтың психологиялық ерекшеліктері мен ұлттық құндылықтарын, дүниетанымдық көзқарастарын, рухани байлығын да ескеруіміз керек. Тіл — халық мәдениетінің айнасы, сондықтан оны зерттеу арқылы біз сол халықтың өмір сүру стилі мен әлемді қабылдау тәсілін тереңірек ұғына аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 фон Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию / В. фон Гумбольдт. — Москва: Прогресс, 1984. — 398 с.
- 2 Попова З.Д. Лексическая система языка / З. Д. Попова, И.А. Стернин. — Воронеж, 1984.
- 3 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы / А. Байтұрсынұлы. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 448 б.
- 4 Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі: оқулық / Т. Қордабаев. — Алматы, 1999. — 195 б.
- 5 Салқынбай А. Лингвистикалық түсіндірме сөздік / А. Салқынбай, Е. Абақан. — Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. — 304 б.
- 6 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов / О.С. Ахманова. — М.: Издательство «Советская энциклопедия», 1966. — 608 с.
- 7 Шмелев Д.Н. Современный русский язык. Лексика / Д.Н. Шмелев. — М.: «Просвещение», 1977. — 335 с.
- 8 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы / М. Оразов. — Алматы: Рауан, 1991. — 216 б.
- 9 Мечковская Н.Б. Социальная лингвистика / Н.Б. Мечковская. — М.: Аспект Пресс, 1996. — 206 с.
- 10 Кузнецова Э.В. Лексикология русского языка / Э.В. Кузнецова. — 2-е изд., испр. и доп. — М., Высш. шк., 1989. — 216 с.
- 11 Залевская А.А. Введение в психолингвистику / А.А. Залевская. — М.: Изд-во РГГУ, 2000. — 381 с.
- 12 Кобозева И.М. Лингвистическая семантика / И.М. Кобозева. — М.: Изд-во «Эдиториал УРСС», 2000. — 350 с.
- 13 Леонтьев А.Н. Лекции по общей психологии / А.Н. Леонтьев; под ред. Д.А. Леонтьева, Е.Е. Соколовой. — М.: Смысл, 2001. — 511 с.
- 14 Петренко В.Ф. Психосемантика сознания / В.Ф. Петренко. М.: Изд-во МГУ, 1988. — 207 с.
- 15 Выготский Л.С. Собрание сочинений [в 6-ти т.] / Л.С. Выготский. — М.: Педагогика, 1982. — Т. 2. Проблемы общей психологии. — 504 с.
- 16 Нысанбаев Ә. Адам және ашық қоғам = Человек и открытое общество / Ә.Нысанбаев. — Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. — 1998. — 272 б.
- 17 Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық тракттар / Әл-Фараби. — Алматы: Ғылым, 1975. — Бақыт жолын сілтеу. — 455 б.
- 18 Омаров Е.А. Бақыт онтологиясы: Әл-Фарабиден бізге дейін / Е.А. Омаров // Қазақ өркениеті = Казахская цивилизация. — 2009. — № 3 (35). — Б. 13.

- 19 Қазақ әдеби тілінің сөздігі [Он бес томдық] / Құраст.: Ф. Қалиев, С. Бизаков, О. Нақысбеков және т.б. — Алматы, 2011. — 2-том. — 744 б.
- 20 Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С. Исакова, Б. Мизамхан және т.б. — Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. — 596 б.
- 21 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. — Алматы: DPS, 2011. — 1-том: А — Д. — 738 б.
- 22 Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі / Г. Мамырбекова. — Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2017. — 656 б.
- 23 Биекенов К. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі / К. Биекенов, М. Садырова. — Алматы: Сөздік-словарь, 2007. — 344 б.
- 24 Razzakova M.T. Studying the language of Russian proverbs and sayings in Russian language lessons / M.T. Razzakova. — *American Journal of Public Diplomacy and International Studies*. — 2024. — 2(6). <https://doi.org/2993-2157>
- 25 Ridout R. English proverbs explained / R. Ridout, C. Witting. — London, England: Pan Book, 1969. — <https://doi.org/10.18355/XL.2024.17.02.20>

Ш.С. Келмагамбетова, С.А. Кенжеғалиев, К.К. Жанузахова

Вербализация концепта «Счастье» в казахском познании

В данной статье исследуется вербализация концепта «Счастье» в казахском познании. Анализируется место, занимаемое счастьем в мировоззрении казахского народа, и то, как оно отражается в познании. Каждый язык обладает своими репрезентативными средствами и словарным запасом, в которых отражаются культурные особенности и национальный характер народа. С целью определения значения понятия «счастье» через пословицы и другие языковые единицы выявляется мировоззрение нации, её культурные ценности и отношение к окружающему миру. Кроме того, рассматривается, как взаимосвязь языка и познания меняется под влиянием развития общества, исторических изменений и социальных факторов. В статье также анализируется роль счастья в жизни индивида и особенности его оценки на основе ассоциативного эксперимента. Основная цель работы — раскрыть значение понятия «Счастье» в казахском языке с помощью словарных данных и показать, как оно проявляется через национальное познание и мировоззрение. Исследование направлено на понимание образа жизни и ценностей казахского народа через вербализацию данного понятия в языке. На основе языковых данных предполагается определить национальный характер счастья и его роль в казахской культуре. В качестве материала исследования использованы статьи и труды исследователей, посвящённые понятию «Счастье» в лингвистике, философии, психологии, социологии и других областях. В результате исследования установлено, что понятие «счастье» занимает важное место в национальной культуре казахского народа.

Ключевые слова: «Счастье», познание, язык, менталитет, мировоззрение, ценности, языковая репрезентация, национальная идентичность, национальное самосознание, этнолингвистика, поведение.

Sh.S. Kelmagambetova, S.A. Kenzhegaliev, K.K. Zhanuzakhova

Verbalization of the concept of “Happiness” in Kazakh cognition

This article explores the verbalization of the concept of "Happiness" in Kazakh cognition. It analyzes the place occupied by happiness in the worldview of the Kazakh people and how it is reflected in their cognition. Each language possesses its own representative means and vocabulary, which reflect the cultural characteristics and national identity of its people. With the aim of determining the meaning of the concept of “happiness” through proverbs and other linguistic units, the worldview of the nation, its cultural values, and its attitude toward the surrounding world are revealed. In addition, the article examines how the relationship between language and cognition changes under the influence of societal development, historical transformations, and social factors. The role of happiness in an individual’s life and the specifics of its evaluation are also analyzed based on an associative experiment. The main goal of the study is to uncover the meaning of the concept of “Happiness” in the Kazakh language using dictionary data and to demonstrate how it is manifested through national cognition and worldview. The research aims to understand the lifestyle and values of the Kazakh people through the verbalization of this concept in the language. Based on linguistic data, the study seeks to determine the national character of happiness and its role in Kazakh culture. The research materials include articles and works by scholars dedicated to the concept of “Happiness” in linguistics, philosophy, psychology, sociology, and other fields. As a result of the study, it was established that the concept of “happiness” holds an important place in the national culture of the Kazakh people.

Keywords: “Happiness”, cognition, language, mentality, worldview, values, linguistic representation, national identity, ethnolinguistics, behavior.

References

- 1 Von Humboldt, V. (1984). *Izbrannye trudy po yazykoznaniiu* [Selected Works in Linguistics]. Moscow: Progress [in Russian].
- 2 Popova, Z.D., & Sternin, I. A. (1984). *Leksicheskaia sistema yazyka* [Lexical system of the language]. Voronezh [in Russian].
- 3 Baitursynov, A. (1992). *Til tagylymy* [Language lessons]. Almaty: Ana tiki [in Kazakh].
- 4 Kordabaev, T. (1999). *Zhalpy til bilimi: oqulyq* [General Linguistics: textbook]. Almaty [in Kazakh].
- 5 Salkynbay, A., & Abakan, E. (1998). *Lingvistikalıyq tusindirme sozdik* [Linguistic Explanatory Dictionary]. Almaty: Sozdik-Slovar [in Kazakh].
- 6 Akhmanova, O.S. (1966). *Slovar lingvistikeskikh terminov* [Dictionary of linguistic terms]. Moscow: Izdatelstvo «Sovetskaiia entsiklopediia» [in Russian].
- 7 Shmelev, D.N. (1977). *Sovremennyi russkii yazyk. Leksika* [Modern Russian language. Vocabulary]. Moscow: «Prosveshchenie» [in Russian].
- 8 Orazov, M. (1991). *Qazaq tilinin semantikası* [Semantics of the Kazakh language]. Almaty: Rauan [in Kazakh].
- 9 Mechkovskaya, N.B. (1996). *Sotsialnaia lingvistika* [Social linguistics]. Moscow: Aspekt Press [in Russian].
- 10 Kuznetsova, E.V. (1989). *Leksikologiya russkogo yazyka* [Lexicology of the Russian language]. 2nd edition revised and expanded. Moscow: Vysshiaia shkola [in Russian].
- 11 Zalevskaya, A.A. (2000). *Vvedenie v psikholingvistiku* [Introduction to Psycholinguistics]. Moscow: Izdatelstvo Rossiiskogo gosudarstvennogo Gumanitarnogo Universiteta [in Russian].
- 12 Kobozeva, I.M. (2000). *Lingvisticheskaia semantika* [Linguistic semantics]. Moscow: Izdatelstvo «Editorial URSS» [in Russian].
- 13 Leontiev, A.N. (2001). *Lektsii po obshchei psikhologii* [Lectures on public psychology]. D.A. Leontec, Ye.Ye. Sokolova (Eds.). Moscow: Smysl [in Russian].
- 14 Petrenko, V.F. (1988). *Psikhosemantika soznaniia* [Psychosemantics of creation]. Moscow: Izdatelstvo Moskovskogo gosudarstvennogo universiteta [in Russian].
- 15 Vygotsky, L.S. (1982). *Sobranie sochinenii* [Collected works]. (Vols. 1–6). Vol. 2. *Problemy obshchei psikhologii* [Problems of public psychology]. Moscow: Pedagogika [in Russian].
- 16 Nysanbayev, A. (1998). *Adam zhane ashyq qogam = Chelovek i otkrytoe obshchestvo* [Man and the open society]. Almaty: “Qazaq entsiklopediiasy” Bas redaktsiiasy [in Kazakh, in Russian].
- 17 Al-Fapabi. (1975). *Aleumettik-etikalıyq traktıtar* [Socio-ethical treatises]. *Baqyt zholyn cilteu* [Pointing out the path of happiness]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 18 Omarov, Ye.A. (2009). *Baqyt ontologiiıatsy: Al-Fapabiden bizge deın* [Ontology of happiness: from Al-Fapabi to dance]. *Qazaq orkenieti = Kazahskaia tsivilizatsiia — Kazakh civilization*, 3 (35), 13 [in Kazakh].
- 19 Kaliyev, G., Bizakov, S., Nakysbekov, O., et al. (Comp.). (2011). *Qazaq adebi tilinin sozdigi* [Dictionary of the Kazakh literary language]. (Vols. 1–15). Vol. 2. Almaty [in Kazakh].
- 20 Kurmanbayuly, Sh., Isakova, S., & Mizamkhan, B. (Comp.). (2019). *Qazaq tilinin kirme sozder sozdigi* [Dictionary of borrowed words of the Kazakh language]. Almaty: «Ulttyq audarma viurosy» qogamdyq qory [in Kazakh].
- 21 (2011). *Qazaqtyn etnografiıalyq kategoriıalar, ugumdar men ataularynyn dasturli zhuiesi* [The traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names]. Encyclopedia. Vol. 1. A — D. Almaty: DPS [in Kazakh].
- 22 Mamyrbekova, G. (2017). *Qazaq tilindegi arab, parsy sozderinin tusindirme sozdigi* [Explanatory Dictionary of Arabic and Persian words in the Kazakh language]. Almaty: Memlekettik tildi damytu instituty [in Kazakh].
- 23 Biekenov, K., & Sadyrova, M. (2007). *Aleumettanudyn tusindirme sozdigi* [Explanatory Dictionary of Sociology]. Almaty: Sozdik-slovar [in Kazakh].
- 24 Razzakova, M.T. (2024). Learning the language of Russian proverbs in Russian language lessons. *American Journal of Public Diplomacy and International Studies*, 2(6). <https://doi.org/2993-2157>
- 25 Ridout, R., & Witting, C. (1969). *English proverbs and sayings explained*. London, England: Pan-book <https://doi.org/10.18355/XL.2024.17.02.20>

Information about the authors

Kelmagambetova Sholpan Sagintaykyzy (corresponding author) — Doctoral student of Kazakh Linguistic Department, Karaganda Buketov University, Kazakhstan; e-mail: star8201@mail.ru

Kenzhegaliev Sayan Akyljanuly — Candidate of Philological Sciences, Professor of Kazakh Linguistic Department, Karaganda Buketov University, Kazakhstan; e-mail: sayan582@mail.ru

Zhanuzakhova Karlygash Kaldarkyzy — Master of Pedagogical Sciences, Senior lecturer of the Academy “Bolashaq”, Karaganda Academy, Kazakhstan; e-mail: januzak_2022@mail.ru

Buketov University